

**«6D071200-Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Нурымов Ерлик
Қыдыралиевичтің «Берік тау жыныстарынан құралған блокты тастарды
бөлу кезіндегі тесіктік қазбаларды механикаландырылған кесумен
өңдейтін машина параметрлерін әзірлеу» тақырыбындағы
диссертациясына ғылыми жетекшінің**

ПІКІРІ

Нурымов Ерлик 2014 жылы 6D071200 «Машина жасау» мамандығы бойынша PhD докторантурасына түсті. Докторантурада оқу кезеңінде теориялық оқудан өтіп, бейіндік пәндер бойынша тамаша білімдерін көрсетіп, берік тау жыныстарынан блокты тасты бөлу кезінде тесік қазбаларды өңдейтін машина параметрлерін әзірлеуге бағытталған диссертация дайындады.

Нурымов Ерлик Қыдыралиевичтің диссертациясы машина - жасау өнеркәсібі мен ғылым үшін өзекті тақырыпта орындалды, өйткені өнеркәсіптің тас өңдеу салаларын дамыту озық технологиялар мен жоғары өнімді жабдықтарды еңгізу есебінен шешілуі мүмкін перспективалы міндеттердің бірі ретінде қарастырылады.

Тау жыныстарын өңдеуге арналған термоқұралдар оның бұзылатын бетімен байланысының болмауына байланысты жоғары төзімділік пен сенімділікке ие, бірақ бұл әдісті қолмен басқаратын термоқұралдар түрінде жүзеге асырған кезде тас өңдеуші операторлар термоқұралдардың жұмысы, тау жыныстарынан қызған бөлшектерінің ұшуы және үлкен шудың әсеріне ұшырайды.

Алайда, бұзылу теориясында және механикаландырылған термоагрегаттарды жобалау тәжірибесінде шешілмеген мәселелер бар. Атап айтқанда: газ ағындары мен бұзылатын жыныстардың физикалық-механикалық қасиеттерін бағдарлаудың әртүрлі тәсілдері кезінде тау жыныстарын жою механизмін нақтылау; термоқұралдарды өңдеудің ұтымды технологиялық параметрлерін және конструктивтік параметрлерін анықтау; отын қоспасын жағудың жаңа тәсілдерін іске асыратын термоқұралдардың тиімді жұмыс органдарын әзірлеу; жұмысшылардың қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыз ету.

Демек, берік тау жыныстарын жою процесін зерттеудің міндеттері, осы негізде жылу құралдарының параметрлерін есептеудің инженерлік әдісін жасау, механикаландырылған тау-кен технологиясын жетілдіру және блокты тасты өңдеу өзекті болып табылады, олардың шешімі термиялық жою әдісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жұмыста ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдады.

Нақты әдістерді және қазіргі заманғы өлшеу құралдарын пайдалана отырып, жұмыс істейтін жабдыққа эксперименталды зерттеулер жүргізілді, соның ішінде:

- берік тау жыныстарынан блокты тасты өндіру кезінде тесік қазбаларды

жүргізуге арналған машиналарды құрастыру саласындағы қазіргі заманғы жетістіктерді талдау;

- от ағынды термоқұралдарымен тау жыныстарын қирату механизмін талдау;

- тесік қазбаларды кесуге арналған манипуляциялық құрылғының кинематикалық және конструктивтік параметрлерін әзірлеу;

- тесік қазбаларға арналған машинаның кинематикалық және конструктивтік параметрлерін (манипуляциялық құрылғы) тәжірибелік пысықтау;

- режим параметрлерін пысықтау, бензинді-ауа от ағынды жұмыс органымен кесу жұмыстарын жүргізу.

Теориялық және эксперименттік зерттеулерді орындау негізінде ізденуші жаңа ғылыми негізделген нәтижелер алды, оларды пайдалану от ағынымен қирату термоқұралдарын қолдана отырып, берік тау жыныстарынан блокты тастарды өндіруге және өңдеуге арналған процестерді, технологиялар мен жабдықтарды зерттеудің маңызды қолданбалы мәселесін шешуді қамтамасыз етеді.

Жұмыстың практикалық құндылығы күмән тудырмайды және мұны өндіріске «Титушин» ЖК және Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде зертханалық сынақтарды енгізу актілері дәлелдейді.

Диссертацияның тағы бір оңтайлы қыры - автордың зерттеу объектісінің нақты жағдайларына қатысты нәтижелерді практикалық қолданды.

Диссертациямен жұмыс істеу кезінде ізденуші нақты материалдар мен мақалалардың үлкен көлемімен жұмыс істеді, талдауды зерттеу үшін компас 3D мен Autodesk Inventor заманауи компьютерлік бағдарламалық кешендерін пайдаланды.

Диссертация эксперименттердің деректерін статикалық өңдеу нәтижелері бойынша графиктермен жақсы суреттелген.

Докторантурада оқып, диссертациямен жұмыс істеген кезеңде ізденуші өзін-өзі басқара алатын, тапсырмаларды сауатты қоя алатын, оларды шеше алатын, зерттеу жүргізе алатын, терең теориялық білімі бар, өзін практикалық дағдыларды меңгерген жақсы докторант ретінде көрсетті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде ұсынылған диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми-техникалық деңгейде орындалды деп есептеймін, PhD докторлық диссертацияларға ұсынылатын ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми дәрежелерін беру қағидаларының талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы Нурымов Ерлік Қыдыралиевичке 6D071200 - «Машина жасау» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми жетекші,
техника ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор**



К.К.Елемесов